



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«ЗАҢ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ТОҒЫЗ ҚАБАТ, ТОР КӨЗДІ САУЫТЫ»



«Заң – мемлекеттің тоғыз қабат, тор көзді сауыты», – депті заманымыздың заңғар жазушысы Шерхан Мұртаза. Мұндай теңеу заңның пәрмені күшті, қуаты зор болғандықтан айтылса керек. Расында, бұрынғы заман батырының қорғаны сауыт болса, бүгінгі заман адамының қорғаны – заң. Елдіктің іргетасы, егемендіктің алғышарты, мемлекеттің алтын тамыры болған Ата Заңымыз 27 жылдан бері Қазақстандағы адам құқығы мен мемлекет дамуының басты кепілі болып келеді.

(Соңы 2-бетте)

1 ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ КҮНІ

ОҚУ ЖЫЛЫ ОЙДАҒЫДАЙ БАСТАЛМАҚ

Санаулы күннен кейін, оқушы ұстазымен, ұстазы білім үйімен қауышады. Атаулы мереке салтанатты жиын ретінде аталып өтіледі. Өткізу форматын білім беру ұйымы өздері айқындайды. Білім күнінің маңыздылығын жастар санасына түсіндіру мақсатында 1-11 сыныптарда 2022 жылдың 1 қыркүйегінде балалар жылына арналған «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және патриотизм» тақырыбында сынып сағаттары, ашық сабақтар өткізіледі.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, биылғы 2022–2023 оқу жылында Қызылорда облысы бойынша 182 мың оқушы білім нәрімен сусындайды екен. Оларға сапалы білім беру үшін 295 мемлекеттік, 16 жекеменшік мектеп қызмет етеді. Бұл сандар өткен оқу маусымымен салыстырғанда бес мыңға көп. 2021–2022 оқу жылында 176 771 оқушы білім алған. Ал жаңадан мектеп табалдырығын аттайтын бүлдіршіндер саны 17 898 балаға жеткен. Журналистерге берген брифингте «Оқу жылы офлайн форматта бастау алады» деген Қызылорда облысының білім басқармасы басшысының орынбасары Бердаулетов Бағдат Қамбозұлы эпидихуал қиындаған сәттегі шектеулер де назардан тыс қалмағанын айтты. Барлық білім беру ұйымдары қажетті санитарлық гигиеналық заттармен қамтылған. Ол үшін қазынадан 36,6 млн теңге қаржы қарастырылған.

Биылғы оқу жылының басты жаңалығы оқушылар 31 мамырға дейін білім алады. Бұл жайлы, «Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-11-сыныптарда 36 оқу аптасын құрайды», – деді басқарма басшысының орынбасары. Оқулық және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету мәселесі де жоспарлы қарастырылған. Білім іздеген балаларымыз кітаптан тапшылық көрмеу үшін 13 баспамен 86 келісімшарт жасалыпты. Келісім негізінде 1,4 млрд теңге қаржыға 637 313 дана оқулық алыну керек болатын. Қазірде тиісті сала мамандарының айтуынша тасымалдау, тарату жұмыстары 25 тамызда толық аяқталған. Электронды білім беру жүйесі де назардан тыс қалмақ емес. Қолжетімді ғаламтормен жабдықталған, мектептердегі интернет мәселесі де 100 % шешілген. Қазірде барлық мектептерде 44 127 дана компьютерлік құрылғылар толық

(Соңы 6-бетте)

ЛЕБІЗ

КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құрметті әріптестер!

Судьялар қауымдастығының атынан Сіздерді мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтаймыз!

1995 жылы қабылданған еліміздің Ата Заңы «Қазақстан өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жариялады.

Мемлекетіміздің демократиялық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, Конституция барлық прогрессивті қайта құруларға жол ашып, оның даму бағытын айқындады. Бұл елдің қоғамдық-саяси негіздерін қалыптастырудың, экономиканы, әлеуметтік саланы нығайтудың күрделі жолы болды.

Сот жүйесі үшін Конституция күні ерекше маңызға ие. Өйткені, судьялар конституциялық құндылықтарды, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды іске асырады. Бүгінгі таңда жаңа, әділетті Қазақстан құру үшін заңның үстемдігін, әділеттілік қағидатын қамтамасыз ету басты міндет болды және солай болып қала береді.

Қоғам сот жүйесінен мемлекеттік және құқық қорғау органдарынан азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін барынша қорғаудың кепілі болуы үшін нақты өзгерістерді, тиімді жұмыстарды күтеді. Бұл үлкен және жауапты міндет. Оның шешілуі қоғамның мемлекетке және сот билігіне деген сенімін арттырумен байланысты.

Сіздерді мерекемен құттықтай отырып, заң үстемдігін жүзеге асырудағы қызметте табыс тілейміз.

Сәкен АБДОЛЛА,
Қазақстан Республикасы Судьялар одағының төрағасы
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Бақыт НҰРМҰХАНОВ,
Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің аппарат басшысы:

«КЕЗ КЕЛГЕН АЗАМАТТЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТҚА ЖҮГІНУГЕ ҚҰҚЫҒЫ БАР»

– Бақыт Маратұлы, Ата Заңымыздың маңызы, оның ел өміріндегі орны қандай?

– Конституция – мемлекеттің негізгі заңы. Ол Қазақстан мемлекеттілігінің негізгі белгілерін бекітеді. Атап айтқанда, республиканы басқару нысаны, ондағы қалыптасқан демократиялық режим, қолданылатын құқық, адамның құқықтары мен міндеттері, мемлекетіміздің органдар жүйесі, олардың құрылу тәртібі, территориялық тұтастық, азаматтық, шекара қай елде болмасын дербес елдіктің белгілері. Әрине, Конституция деген ұғым кеңес заманында да болды. Қазақ КСР-ның 1926, 1937, 1978 жылғы негізгі заңдары болды. Бірақ сол кездерде мемлекетте Конституция өзінің негізгі орнын иеленбей, партия органдарының шешімдері шешуші рөл атқарды.

(Соңы 5-бетте)

